

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 558 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 мамырдағы N 604 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.19. N 269 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес босатылғандарды қоспағанда, ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталған тауарлардың, сондай-ақ импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 558 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 16, 131-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес босатылғандарды қоспағанда, ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталған тауарлардың, сондай-ақ импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 73-2, 108-1, 108-2, 108-3, 108-4, 108-5, 110-1, 112-1, 204-1, 212-7, 234-2, 234-3-жолдармен толықтырылсын:

"73-2	Азаматтық авиация үшін мөлшері бойынша кесілген пішінді профильдер	4008 29 100,
108-1	Азаматтық авиация үшін тарту күші 44 кН-нан астам, бірақ 132 кН-нан аспайтын турбореактивтік қозғалтқыштар	8411 12 130,
108-2	Азаматтық авиация үшін қуаты 5000 кВт-тан аспайтын өзге газ турбиналары	8411 81 100,

108-3	Азаматтық авиация үшін турбореактивтік және турбовинттік қозғалтқыштардың бөлшектері	8411 91 100,
108-4	Азаматтық авиация үшін күш қондырғылары және желілік әрекеттегі гидравликалық қозғалтқыштар (цилиндрлер)	8412 21 100,
108-5	Азаматтық авиация үшін қозғалтқыштар мен күш қондырғыларының бөлшектері	8412 90 100,
110-1	Азаматтық авиация үшін вакуумдық сорғылар	8414 10 100,
112-1	Азаматтық авиация үшін желдеткіштер	8414 59 100,
204-1	Азаматтық авиация үшін біліктермен жиналған тісті берілістер мен тісті доңғалақтар	8483 40 100,
212-7	Азаматтық авиация үшін статистикалық түрлендіргіштер	8504 40 100,
234-2	Азаматтық авиация үшін шассилер және олардың бөлшектері	8803 20 100,
234-3	Азаматтық авиация үшін ұшақтардың басқа бөлшектері	8803 30 100".

2. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі